«Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» РММ тендірлік құжаттама жобаларының алдын ала талқылау хаттамасы

№2

Катонқарағай ауылы 19.11.2026 жыл

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2022 жылғы 05 наурыздағы № 73 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік ұлттық табиғи парктерде туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларының 17- тармағына сәйкес «Катонқарағай МҰТП» РММ www.br.katonkaragai.kz ресми интернет-ресурсында туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру мақсатында жер учаскелерін ұзақ және қысқа мерзімдіпйдалануға беру бойынша тендірлік құжаттаманың жобасын алдын ала талқылау өткізілді.

Алдын ала талқылау 11.11.2026 жылдан бастап 15.11.2026 жыл аралығында (5 күнтізбелік күн)өткізілді.

1. «Катонқарағай МҰТП» РММ жер учаскелерін құрылыс объектілерне ұзақ мерзімді пайдалануға беру бойынша №10,11,13 лоттар:

№ 10 лот. Учаскенің орналасқан жері: Берел филиалы, Рахман орманшылығы, 85 орам 19 телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 0,9 га.

№ 11 лот. Учаскенің орналасқан жері: Берел филиалы, Рахман орманшылығы, 67 орам 24,35 телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 7,9 га.

№ 13 лот. Учаскенің орналасқан жері: Берел филиалы, Рахман орманшылығы, 85 орам 20,21 телімдер. Объектінің атауы: туристерге қызмет көрсету объектісі. Жер учаскесінің ауданы — 5,2 га.

Талқылау кезеңінде қаралып отырған тендірлік құжаттама жобасы бойынша ұсыныстар мен толықтырулар түскен жоқ.

Шешім:

1. Катонқарағай мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін жер учаскелерін ұзақ мерзімді пайдалануға беру бойынша тендердің тендерлік құжаттамасы бекітілсін (№10,11,13 лоттар).

Бас директор **Ж.Тыныбеков**

Хатшы **Қ.Тоқтарханова**